



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 29 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І
2011 жылғы 14 қыркүйек**

**Қазақстан Республикасы және Ресей
Федерациясы арасындағы Банкаралық
және инвестициялық ынтымақтастық
жөніндегі шағын комиссияның 13-ші
отырысын өткізу туралы**

2011 жылғы 5-6 қыркүйекте Ақтау қаласында ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссияның 13-ші отырысы өтті.

Бұл іс-шараның жұмысына Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы орталық (ұлттық) банктерінің, Маңғыстау облысы әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің және Ресей Федерациясы коммерциялық банктерінің, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы банктері қауымдастықтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың, «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың, сондай-ақ Мемлекетаралық банктің, Мәскеу банкаралық валюталық биржасының, Ұлттық есеп айырысу депозитарийінің өкілдері қатысты.

Шағын комиссияның Қазақстандық бөлігінің тең төрағасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ақышев Данияр Талғатұлы, Ресейлік бөліктің тең төрағасы – Ресей Федерациясы Орталық Банкі Төрағасының орынбасары Швецов Сергей Анатольевич болып табылады.

Отырыс барысында Шағын комиссияның қазақстандық және ресейлік тараптарының қатысушылары өзара ынтымақтастықтың бірқатар мәселелерін талқылады. Қазақстан және Ресейдің экономикалары мен банк секторларының жай-күйі бойынша ақпарат алмасуды жалғастыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ тараптар Шағын комиссияның келесі кезекті отырысында Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында туынды құралдарды реттеуді және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін дамыту мәселелерін қарауға уағдаласты.

«ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстандағы шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты ұсынды.

Сонымен бірге Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қолма-қол ресей рубльдерін өткізу операцияларымен байланысты мәселелер және Кеден одағы шеңберінде сыртқы және өзара сауда статистикасы мәселелері талқыланды. Отырысқа қатысушылар Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қолма-қол ресей рубльдерін өткізу, сұраныс көздерін анықтау және Қазақстанға қолма-қол рубльдің түсу мониторингі бөлігінде бірлескен жұмыс өткізуді, сондай-ақ Кеден одағы шеңберінде өзара

сауданың сапалы статистикасының қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселені Кеден одағы комиссиясының қарауына шығаруды мақсатқа сай деп таныды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті (АӨҚОДК), Мәскеу банкаралық валюталық биржасы және Ұлттық есеп айырысу депозитарийі екі елдің қор нарықтарының даму мәселелері туралы және Қазақстан Республикасы кәсіби қатысушыларының ресейлік бағалы қағаздарға инвестициялауға ықпал ететін шаралар туралы ақпарат берді. Бұл мәселені талқылау барысында тараптар екі елдің реттеушілеріне, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға және Мәскеу банкаралық валюталық биржасына бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларын, Қазақстан мен Ресей эмитенттерінің бағалы қағаздарын ұлттық биржалық нарықтарға өзара жіберу мәселелерін пысықтауды ұсынды. Қосымша АӨҚОДК «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қашықтықтан мүшелікті дамыту жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс (валюталық секция) туралы ақпаратты ұсынды.

Отырыста Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктері мен Ресей Федерациясының коммерциялық банктері арасында ынтымақтастықты дамыту, банкаралық операциялар саласындағы ресей-қазақстандық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары, басымдықтары және проблемалық мәселелері туралы ақпарат алмасу мәселелеріне басым назар аударылды. Банкаралық қатынастарды дамыту қажеттілігіне қарай, Ресейлік банктердің қауымдастығына Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы компанияларының қатысуымен жасалатын мәмілелер бойынша кепілдіктер мен аккредитивтер шығарған кезде клиенттердің шығындарын азайту мақсатында Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне саудалай қаржыландыру лимиттерін ашу, сондай-ақ қазынашылық өнімдері бойынша операциялар жүргізуге кредиттік лимиттер ашу мүмкіндігін қарастыру туралы өз мүшелеріне хабарлау ұсынылды.

Бұдан басқа, тараптар Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің интеграцияланған валюталық нарығын ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің барысы туралы ақпарат алмасты және шағын комиссияның кезекті отырысында екі елдің төлем жүйелерін ықпалдастыру туралы мәселені қарау туралы уағдаласты.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссияның 13-ші отырысы жоғары мазмұндық деңгейде өтті. Тараптар қаржылық ынтымақтастықтың қол жеткізген нәтижелеріне қанағаттандырарлық пікір білдірді.